

**«Жас өркен»**  
**Университет қызметкерлері мен оқытушыларының балаларына**  
**арналған Абай Құнанбаевтың өлеңдерін жатқа оқу мен әндерін айту**  
**байқауының**  
**ЕРЕЖЕСІ**

**1. «Жас өркен» байқауының тұжырымдамасы, мақсаты мен міндеттері, оның ұйымдастырушылары, қатысушылары**

1.1. Байқаудың тұжырымдамасы – өскелең ұрпаққа қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың шығармаларын насихаттау.

Байқаудың мақсаты – баланың дүниетанымын кеңейту, есте сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

1.2. Байқаудың міндеттері:

- өлеңді мәнерлеп, саналы түсініп оқуға машықтандыру;
- қазақ халқының әдеби мұраларын дәріптеу, балалардың оқуға деген қызығушылықтарын арттыру.
- ұлылар поэзиясына, ұлттың рухани мұрасына деген сүйіспеншілікке, рухани өнер-білімге тәрбиелеу.

1.3. Байқаудың тілдері - қазақ тілі, БҰҰ тілдері, сондай-ақ Қазақстанның аумағында тұрып жатқан, Абайдың туындылары аударылған этностардың тілдері. Байқау қазақ тілінде жүргізіледі.

1.4. Байқаудың ұйымдастырушысы - Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Әлеуметтік даму және жастар саясаты жөніндегі департаменті мен университет қызметкерлерінің Кәсіподақ ұйымы.

1.5. Байқаудың өткізу барысын қадағалау және ұйымдастыру жұмысының дайындығын іске асыру үшін Ұйымдастыру тобы құрылады.

1.6. Ұйымдастыру тобы байқаудың қорытынды кезеңінің өткізілу орнын белгілеп, дайындық жұмыстарын жүргізуде тікелей басшылық етеді, қазылар алқасының құрамын, қатысушылардың тізімін, конкурстың өткізу бағдарламасын бекітіп, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттайды.

1.7. Байқау қатысушылары – жас ерекшелігіне байланысты қатысады:

- Мектеп жасына дейінгі (3-5 жас);
- 1-4 бастауыш сыныптар аралығында (6-10 жас);

1.8. Байқау өткізіледі:

Байқау - «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» Абай өлеңдерін жатқа, мәнерлеп оқу және «Көңілім әнді ұғады» Абай әндерін жатқа айту аталымдары бойынша өтеді.

**2. Байқаудың мазмұны мен шарттары**

2.1. Қатысушылар Байқауға Абай өлеңдері мен әндерін немесе Абайдың шет тіліне аударылған өлеңдері мен әндерін бейнеролик форматында ұсынады.

2.2. Байқауда әр қатысушы дербес шығады және монтаждық өңдеулер (фонды музыка, келбетін көрсетпей оқу, монтаж, театрлық қойылым, этюд) пайдалануға тыйым салынады.

2.3. Бейнеролик регламенті - 3 минут.

2.4. Байқауға бейнероликтерді **2024 жылдың 30 мамыры, сағат 23.00-ге дейін** ұсыну тиіс. Байқау жұмыстарын [erbolkyzy.akbota@mail.ru](mailto:erbolkyzy.akbota@mail.ru) поштасына жолдау қажет. Қосымша ақпарат үшін: 87052831242 Ақбота Ерболқызы.

**Ескерту:** Байқау бейнеролигі үлгіге сәйкес көрсетілуі тиіс:

**Үлгі:**

- Қатысушының аты-жөні;

- Туу туралы куәлігі;

- Жасы;

- «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы»/«Көңілім әнді ұғады» аталымын көрсету;

- Балабақша/мектебі;

- Сыныбы;

- Ата-анасының қызметі;

- Ұялы телефон нөмері.

2.5. Байқаудың марапаттау рәсімі – **2024 жылдың 1 маусымы «Халықаралық балалар күніне» жоспарланған.** Өтетін орны: Достық 13, Бас оқу корпусы, 2-қабат, 225 конференц-зал, сағат 11.00-де.

### **3. Бағалау критерийлері**

3.1. Төменде көрсетілген критерийлердің әрқайсысы бойынша 1-5 аралығында ұпайлар қойылады:

- оқу мәнері;

- өлең мазмұнын аша білу;

- бейнеролик сапасы.

3.2. Келесідей критерийлер бойынша бейнероликтер байқауға қатыстырылмайды.

- регламент сақталмауы;

- автордың қара сөздерінің мәтінін оқуы;

- өзге авторлардың шығармаларын оқуы.

### **4. Жүлде қоры**

Ұпайлардың жиынтық саны бойынша Қазылар алқасы 1, 2, 3 орындарды әрбір жас ерекшелігіне қарай анықтайды. Байқау қатысушылары мен жүлделі орын иегерлері Басқарма Төрағасы – Ректордың Алғыс хаттары, дипломдары және арнайы бағалы сыйлық жүлде қорларымен марапатталады.

**«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» аталымы бойынша Абай өлеңдерін жатқа, мәнерлеп оқу.**

1 – орын – диплом, бағалы сыйлық;

2 – орын – диплом, бағалы сыйлық;

3 – орын – диплом, бағалы сыйлық.

**«Көңілім әнді ұғады» аталымы бойынша Абай әндерін жатқа айту.**

1 – орын – Диплом, бағалы сыйлық;

2 – орын – Диплом, бағалы сыйлық;

3 – орын – Диплом, бағалы сыйлық.

**Номинациялар:**

«Абай үміті» - Алғыс хат, бағалы сыйлық;

«Абай аманаты» - Алғыс хат, бағалы сыйлық;

«Абай әлемі» - Алғыс хат, бағалы сыйлық.